

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**14–19 ақпан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

19 ақпан

Апталық жоспарға сәйкес 14–19 ақпан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
2. әп мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, облыстық олимпиадаға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау мақсатында 14-19 ақпан аралығында математика, физика, информатика, химия, биология, география, құқықтану, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі өткізілді. Оқушыларға уақытылы хабардар ету, бақылау және қажетті жабдықтармен, керек-жарақтармен қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру комитеті, кезекшілік кестесі, қазылар алқасы құрамы құрылып бекітілді. Олимпиаданың қалалық кезеңін өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін ата-аналар комитетінің өкілдері шақырылды. Олимпиада өткізу кезінде оқушылар жалпы білім беретін пән бойынша «Оқулық» платформасы мен камерасы бар ноутбуктармен қамтамыз етілді. Қатысушылар, бақылаушылар мен кезекші тұлғалар өздеріне тиісті нұсқаулықтарымен алдын ала таныстырылды. Олимпиаданың қалалық кезеңі жауапкершілікпен өткізілді, бұзушылықтар болған жоқ. Қазылар алқасы оқушылардың жұмыстарын объективті бағалады және әлеуметтік желіде, мектептің сайтына жариялады. Олимпиадаға 14-19 ақпан аралығында 8 пән бойынша 9-11-сынып оқушылары арасынан 70 оқушы қатысты. Оның ішінде 9-сыныптардан – 30 оқушы, 10-сыныптардан – 23 оқушы, 11-сыныптардан – 17 оқушы. Жеңімпаздар саны – 34 оқушы, оның ішінде 9-сынып – 12, 10-сынып – 10, 11-сынып – 12.
5. Апта бойы республикалық ғылыми жобалар конкурсына дайындық жұмыстары жүргізіліп презентация, баннер жасалынып, облыстық «Ақмола дарыны» орталығына жіберілді. Оқушылардың зерттеу жұмыстары бойынша баяндамалары тыңдалды.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері К. Бітібаева ат. облыстық олимпиадаға, «Абайтағу» республикалық олимпиадаға, «Абай әлемі» шығармашылық конкурсына оқушыларды дайындады.
7. ЖМЦ пәндері мұғалімдері 7-8-сынып оқушыларымен юниор олимпиадасына дайындық жүргізді.
8. Элективті, таңдау бойынша пәндер курстарының өтуі қадағаланды.